

КОСТАНАЙ ОБЛЫСЫ ӘКІМДІГІ БІЛІМ
БАСҚАРМАСЫНЫҢ «АРҚАЛЫҚ
ҚАЛАСЫ БІЛІМ БӨЛІМІНІҢ КЕЙКІ
БАТЫР АТЫНДАҒЫ №4 ЖАЛПЫ БІЛІМ
БЕРЕТІН МЕКТЕБІ»
КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК
МЕКЕМЕСІ
БҰЙРЫҚ



КОММУНАЛЬНОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ
УЧРЕЖДЕНИЕ
«ОБЩЕОБРАЗОВАТЕЛЬНАЯ ШКОЛА
№4 ИМЕНИ КЕЙКІ БАТЫРА ОТДЕЛА
ОБРАЗОВАНИЯ ГОРОДА АРҚАЛЫКА»
УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ
АКИМАТА КОСТАНАЙСКОЙ ОБЛАСТИ
ПРИКАЗ

01 қыркүйек 2022 жыл
Арқалық қаласы

№165

2022 год 01 сентября
город Арқалық

Қамқоршылық кеңесі
құрамын бекіту туралы

«Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңының 44-бабы 9-тармағы «Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі №355 бұйрығының негізінде
БҰЙЫРАМЫН:

1. 2022-2023 оқу жылына сайланған қамқоршылық кеңестің мүшелері келесі құрамда бекітілсін:

1. Бақиян Талғат Социалұлы-торайымы
2. Қокашева Гүлден Ақзабайқызы-торайымының орынбасары
3. Карабаева Бану Алтынбековна - мүшесі
4. Абдрахманова Арайлым Мирамбековна-мүшесі
5. Есенева Асел Муратбековна - мүшесі
6. Байжигитова Индира Зивадденқызы - мүшесі
7. Кауметова Динара Романовна - мүшесі
8. Убайдуллаева Гулнар Набиевна - мүшесі
9. Нургазина Гулим Сабитбековна- мүшесі

2. Қамқоршылық кеңестің хатшысы ретінде, мектеп қызметкерлерінің ішінен, Қамқоршылық кеңестің мүшесі болмайтын қызметкер, мектептің әлеуметтік педагогі А.Б.Кулмаганбетоваға тағайындалсын.

3. 2022-2023 оқу жылына арналған Қамқоршылық кеңестің құрамы туралы бұйрық мектеп сайтына жүктелсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары А.К.Жумагамбетоваға жүктелсін.

Директор:



К.Ж.Мукашева

Кейкі батыр атындағы №4 жалпы білім беретін мектебі құқық бұзушылықтың алдың алу барысында атқарылатын іс-шаралар жоспары

Мақсаты: Заңды, әлеуметтік пайдалы қызметке және қоғам мен өмірге ізгілікті көзқарас қалыптастырып, жастарды қылмыстық қызметке жол бермейтін қағидаларға тәрбиелеу.

Құндылықтары: Кәмлетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың алдың алу қоғамдағы қылмыстың алдың алудың аса маңызды аспектісі болып табылатынын түсіндіру.

Нәтиже: Адамгершіліктің, ізгі қасиеттер мен ар-ождан бостандығына, адалдық пен мейірімділікке баулу арқылы құқықтары мен міндеттерін бағыттай отырып құқықтық тәрбие беру.

№	Іс-шаралар	Мерзімі	Жауаптылар
1	Мектепшілік тәртіп бұзушылыққа бейім оқушыларды анықтау, тізімін алу	Қыркүйек	Педагог-психолог сынып жетекші
	Ерекше назардағы оқушыларды есепке алу (журнал, жеке папка арнау)	кезенде	ДТІЖО Педагог-психолог
3	Әңгіме «Қылмыс және жасөспірім»; «Жасөспірімдер арасында өзіне-өзі қол жұмсаушылық (Суицид) әрекеттерінің алдың алу» 8-11 сынып	Әр тоқсанда	ДТІЖО КТІЖБ инспекторы Педагог-психолог
4	Ерекше назардағы оқушылармен, олардың ата-аналарымен жеке профилактикалық жұмыс жүргізу және оқушылардың бос уақытында қабілеті мен жас ерекшелігіне қарай үйірме жұмыстарына тарту	Үнемі	ДТІЖО КТІЖБ инспекторы
5	МАИ қызметкерлерімен оқушыларға жолда жүру ережесін сақтау туралы әңгіме жүргізу 1-4 сынып	Жылына 2 рет	Аға тәлімгер
6	Наркология орталығының маман дәрігерлерімен бірлесіп «Зиянды заттардың жас организмге зияны» тақырыбында әңгіме өткізу	Тоқсан сайын	Медбике
7	Мөлтек ауданы бойынша адамдар көп шоғырланған жерлерге, базарлар, қараусыз қалған үйлер, ойынханалар, би алаңдары мен түнгі клубтарға кешкі уақыттарда рейдтер ұйымдастыру	Кесте бойынша	ДТІЖО КТІЖБ инспекторы
8	«ЖҚТБ-ның алдың алу және онымен күресу орталығы» маман дәрігерлерінің жасөспірімдермен кездесуін ұйымдастыру	Қараша	ДТІЖО Медбике 8-11 сынып
9	Кәмелетке толмаған жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз, панасыз қалуының алдың алу барысында іс-шаралар өткізу	Әр тоқсанда	ДТІЖО КТІЖБ инспекторы 8-11 сынып
10	Өмірдің қиын кезеңдеріне кезіккен оқушыларды уақытында анықтап, қала, аудан әкімдігі жанындағы кәмелетке толмағандар ісі және оларды қорғау жөніндегі комиссияға құжаттарын уақытында тапсыру	Үнемі	ДТІЖО КТІЖБ инспекторы Әлеуметтік педагог
11	Сабақты көп жіберетін, сабақтан себепсіз, рұқсатсыз кететін оқушылармен, олардың ата-анасымен жұмыс	Ай сайын	ДТІЖО КТІЖБ инспекторы Әлеуметтік педагог
12	Діни экстремизм мен терроризмге қарсы заңнамалардың орындалуы. (ІІБ өкілдерімен дөңгелек үстел өткізу)	Ақпан 8-10 сынып	ДТІЖО КТІЖБ инспекторы
13	«Жас қыран», «Жас ұлан» ұйымдарының жұмыстарын жаңандыру. Қыз балаларға арналған «Ерте жүктіліктің алдың алу, жол бермеу» тақырыбында түсіндірме жұмысы	Ай сайын	ДТІЖО Аға тәлімгер Медбике
14	Оқушылар арасында әлеуметтік теңсіздік болдырмау мақсатында бірінғай мектеп формасын болуын қадағалау	Үнемі	ДТІЖО Әлеуметтік педагог

Мектеп директоры

К.Ж Мукашева



**«Арқалық қаласы білім бөлімінің Кейкі батыр атындағы №4 жалпы
білім беретін мектебі» КММ
Кезектен тыс қамқоршылық кеңес хаттамасы №6**

20.08.2022 жыл

Қатысқандар: 10

Шақырылды: ДООЖО М.Ахметкалиева

Күн тәртібінде:

1.Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 8 тамыздағы № 544 Қаулысының негізінде мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алмайтын, жан басына шаққандағы табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасынан төмен отбасылардан шыққан білім алушыларына қаржылай көмек көрсету

Тыңдалды: Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 8 тамыздағы № 544 Қаулысының негізінде мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алмайтын, жан басына шаққандағы табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасынан төмен отбасылардан шыққан білім алушыларына қаржылай көмек көрсету туралы

Сөйледі: ДООЖО М.Ахметкалиева

Ол өз сөзінде мектеп бойынша мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алмайтын, жан басына шаққандағы табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасынан төмен 19 отбасынан шыққан білім алушылар саны – 31, алтын және күміс алқа аналар отбасы -4, бала саны – 14, толық емес отбасы – 2, бала саны 4 екенін айтты. ҚР Үкіметінің 2022 жылғы 8 тамыздағы №544 Қаулысына сәйкес жоғарыда аталған отбасыларға көмек көрсетілуі жайлы айтты.

Сөйледі: Қамқоршылық кеңес төрайымы Т.Бақиян

Ол өз сөзінде мектеп бойынша мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алмайтын, жан басына шаққандағы табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасынан төмен отбасыларынан шыққан білім алушылары мен тәрбиеленушілер, көп балалы отбасынан (алтын және күміс алқалы аналар), әкесі не шешесі қайтқан отбасынан (жартылай отбасы) шыққан жоғарыда аталған балаларға ҚР Үкіметінің 2022 жылғы 8 тамыздағы №544 Қаулысына сәйкес көмек көрсетілуі қажет екенін айтты.

Сөйледі: кеңес төрағасының орынбасары А.Әбілғазина

Ол өз сөзінде жартылай отбасынан шыққан балаларға көмек көрсетуді ұсынды. Олардың үйінде 1 ғана адамның жұмыс істейтінін айтты.

Сөйледі: кеңес мүшесі А.Сулейменова

Ол өз сөзінде күнкөрісі төмен отбасыларға көмек көрсетуді ұсынды.

Сөйледі: кеңес мүшесі Г.Қошанова

Ол өз сөзінде көп балалы отбасынан шыққан балаларға көмек көрсетуді ұсынды. Олардың үйінде 3 жасқа дейінгі баланың отырғандығын айтты.

Шешім:

1. Көпбалалы отбасына көмек көрсету жұмысы жалғастырылсын.
2. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 8 тамыздағы № 544 Қаулысының негізінде мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алмайтын, жан басына шаққандағы табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасынан төмен отбасылардан шыққан білім алушыларға қаржылай көмек көрсетілсін. Олар: мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алмайтын, жан басына шаққандағы табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасынан төмен 19 отбасынан шыққан білім алушылар саны – 31, көп балалы отбасы -4, бала саны – 14, жартылай отбасы – 2, бала саны -4.

Кеңес төрайымы:

Орынбасары

Қаржы бақылаушы

Хатшы

Мүшесі


Мүшесі

Мүшесі

Мүшесі

Мүшесі

Мүшесі


Т.Бақиян



Бекітемін
Мектеп директоры

К.Ж Мукашева

**Кейкі батыр атындағы № 4 жалпы білім беретін мектебі» КММ
2022-2023 оқу жылына арналған қамқоршылық кеңестің құрамы**

№	Аты-жөні	Жұмыс орны	Кеңестегі қызметі
1	Бақиян Талғат Социалұлы	Жеке кәсіпкер	Қамқоршылық кеңестің төрағасы
2	Қокашева Гүлден Ақзабайқызы	Политехникалық колледжінде мұғалім	Қамқоршылық кеңес төрағасының орынбасары
3	Карабаева Бану Алтынбековна	Сот орындаушысы	Кеңес мүшесі
4	Абдрахманова Арайлым Мирамбековна	Есепші	Кеңес мүшесі
5	Есенева Асел Муратбековна	УК начальник одела	Кеңес мүшесі
6	Байжигитова Индира Зивадденқызы	Жеке кәсіпкер	Кеңес мүшесі
7	Кауметова Динара Романовна	Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институтында мұғалім	Кеңес мүшесі
8	Убайдуллаева Гулнар Набиевна	бала күтімі	Кеңес мүшесі
9	Нургазина Гулим Сабитбековна	Н.Құлжанова атындағы Торғай гуманитарлық колледжінде мұғалім	Кеңес мүшесі



«Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Арқалық қаласы білім бөлімінің Кейкі батыр атындағы №4 жалпы білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Қамқоршылық кеңесі туралы Ережесі

«Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Арқалық қаласы білім бөлімінің Кейкі батыр атындағы №4 жалпы білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің осы Қамқоршылық Кеңесі туралы Ережесі "Білім туралы" заңын, мектеп Жарғысын орындау үшін, мектептің өзін-өзі басқару нысандарын одан әрі дамыту мақсатында және қосымша, бюджеттен тыс қаржы ресурстарын тарту қызметін қамтамасыз ету үшін әзірленді және қабылданды.

I. Жалпы ережелер.

1.1. Қамқоршылық Кеңесі білім беру мекемесінің өзін-өзі басқару нысандарының бірі болып табылады. Қамқоршылық Кеңесінің сайлау тәртібі және құзыреті мектеп Жарғысымен анықталады.

1.2. Қамқоршылық кеңесі мектептің оқу-тәрбие жұмысын дамытудың көкейтесті міндеттерін шешу және жаңа ақпараттық, педагогикалық технологияны енгізу, оқу-тәрбие жұмысында материалдық және техникалық қолдауды жақсарту және білім беру бағдарламасы бойынша қаржылық жәрдем көрсету мақсатында құрылады.

II. Кеңестің мақсаттары мен міндеттері.

2.1. Кеңес білім алушылардың құқығын және мүддесін қорғайтын өзін-өзі басқару нысаны ретінде құрылады. Оның міндеттері:

- оқу-тәрбие үдерісіндегі барлық қатысушылар: оқушылар, ата-аналар, мұғалімдердің бірлескен қызметі үшін қолайлы жағдай жасау;
- білім алушылардың шығармашылық, интеллектуалдық қабілеттерін және рухани әлеуетін дамыту үшін қолайлы жағдайлар жасау;
- оқу-тәрбие үдерісін жетілдіру бойынша, қосымша білім беру жағдайын туғызуға жәрдемдесу;
- оқу-әдістемелік кешенін материалдық-техникалық қамтамасыз етуге, сондай-ақ мектептің ағымдағы жөндеуден өтуін нығайтуға жәрдемдесу;

III. Кеңес қызметінің мәні.

3.1. Жан-жақты көмек көрсету, соның ішінде білім беру мекемесіне қайырымдылық көмек көрсету:

- білім беру және мектептің ғылыми, құқықтық, қаржылық, материалдық-техникалық және өзге де бағдарламаларын дамыту қамтамасыз етуге қатысу;
- білім алушылардың құқықтары мен мүдделерін қорғау, салауатты өмір салтын қалыптастыру үшін жағдай жасау;
- білім алушыларға оқудағы, интеллектуалды және шығармашылық конкурстардағы ерекше жетістіктері үшін, сыйлықтар мен стипендиялар құру;
- қордың ынталандыратын төлем бөлігін бөлуге қатысу;

•өзге де қолданыстағы заңнамалық актілерде тыйым салынбаған қызмет түрлеріне.

IV. Кеңестің мүлкі мен құралдары.

4.1. Қамқоршылық Кеңесінің Қаржы құралдары ерікті жарналар мен қайырмалдықтар, жеке және заңды тұлғалардан, басқа да заңнамасымен тыйым салынбаған түсімдер арқылы қалыптасады.

4.2. Қамқоршылық Кеңесінің құралдары оның мақсаттары мен міндеттері сәйкес жұмсалады.

4.3. Қаражатты пайдалану туралы Кеңес өз салымшыларын хабардар етеді.

V. Кеңес Мүшелері.

5.1. Мектептің Қамқоршылық Кеңесі Құрылтайшылар, әкімшілік, ата-аналар комитетінің немесе демеушілер мен мектептің дамуына өз үлесін қосқан және жоғары қоғамдық беделге ие тұлғалар ұсынған ұсынымдары негізінде қалыптасады.

5.2. Кеңес құрамына мектеп оқушыларының ата-аналары, мемлекеттік органдардың өкілдері, жергілікті өзін өзі басқару органдарының, әр түрлі меншік нысанындағы ұйымдардың, кәсіпкерлік және ғылыми топтардың, бұқаралық ақпарат құралдарының заңды тұлғалары, педагогикалық қызметкерлер, білім беру мекемелерінің қызметін жетілдіру және дамытуға мүдделі өзге де тұлғалар кіреді.

VI. Кеңестің құрылымы.

6.1. Жалпы жиналысы - барлық мәселелер бойынша шешімдер қабылдаушы жоғары басқару орган. Жалпы жиналыс:

- қамқоршылық кеңесінің төрағасын сайлайды;
- кеңес қызметінің негізгі бағыттарын айқындайды;
- құрамының тұрақты және уақытша комиссияларын айқындайды;
- қайта ұйымдастыру және қызметін тоқтату туралы мәселелерді шешеді.

6.2. Қамқорлық Кеңесі - жалпы жиналыстар арасындағы кезеңде Кеңестің қызметін басқарушы орган.

Қамқоршылық кеңес Құзыреті:

- Кеңестің жобалар мен бағдарламалар басымдығын анықтайды;
- ата-аналар қоғамынан түскен қайырымдылық қаражат тәртібін белгілейді;
- қайырымдылық қаражат бағыттарын бөлу, өлшемі және пайдалану тәртібін белгілейді;
- Кеңес жұмысын және мектептің ата-аналар қоғамын тұрақты түрде хабардар етеді .
- Қамқоршылық Кеңес қызметінің перспективалық және ағымдағы жоспарларын осы Ережеге сәйкес әзірлеу, қабылдау және іске асыруды ұйымдастыру;
- Қамқорлық Кеңесінің жалпы жиналысының шешімдерінің орындалуын, ұсыныстар мен сын-ескертпелерді іске асырылуын бақылауды ұйымдастыру;
- Кеңестің жыл сайынғы қызметінің нәтижелері туралы есебіне және Кеңестің кезекті жалпы жиналысына шешімдер қабылдау және қарау үшін күн тәртібіндегі мәселелер қалыптастыру және қажетті материалдар дайындау;
- жалпы жиналыстың шешіміне сәйкес Кеңестің түсімдері мен қаражаттарын жұмсау және есепке алуды жүргізу, пайдалану туралы есептерді дайындау;

Қамқоршылық кеңес отырыстары қажеттілігіне қарай, жылына кемінде 2 рет өткізіледі және кем дегенде мүшелерінің жартысы қатысқан күнде заңды деп есептеледі, барлық Кеңес мүшелеріне Қамқоршылық кеңес отырысында кеңесші дауыс құқығы беріледі және ашық болып табылады.

Қарапайым түрде көпшілікпен басқарма мүшелерінің отырысында дауыс беру арқылы Қамқоршылық кеңес шешім қабылдайды. Кеңестің әрбір мүшесі бір рет

дауыс беруге құқығы бар. Тең болған жағдайда Қамқоршылық кеңес төрағасының дауысы шешуші болып табылады.

Білім Жарғысына қайшы келетін кеңес шешімдері Қамқоршылық кеңесінің кез келген мүшесі сотта немесе басқа мекемелерде шағым беруі мүмкін.

Кеңестің өкілеттік мерзімі, оның мүшелерінің сандық құрамын, Қамқоршылық кеңесінің әрбір мүшесінің (заңды тұлғалардың өкілдері, жеке тұлғалар, білім беру және басқа да мекемелер қызметкерлері) өкілдігінің деңгейі Қамқоршылық кеңесінің жалпы жиналысында айқындалады.

6.3. Кеңес төрағасы:

Қамқоршылық кеңесінің төрағасы қарапайым көпшілік даусымен алғашқы отырысында оның мүшелері арқылы сайланады. Кеңес төрағасының өкілеттік мерзімі - Қамқоршылар кеңесі бекіткен арнайы мерзімі туралы қаулы жоқ болса, екі жыл.

Қамқоршылар кеңесінің төрағасы:

- ерікті негізде өз міндеттерін орындауға;
- Қамқоршылық кеңесті жергілікті өзін-өзі басқару органдарымен, кәсіпорындар, мекемелер мен басқа ұйымдармен өзара әрекеттесетуге;
- мектептің жарғыларына және ережелеріне сәйкес Қамқоршылық кеңесінің жұмысын оның отырыстарында ұйымдастырады, басшылық жасайды;
- Кеңес қабылдайтын шешімдерге қол қояды;
- Қамқоршылық кеңесінің жұмысы туралы жыл сайынғы есепті дайындайды;
- мектеп әкімшілігімен тығыз қарам-қатынасты қамтамасыз етеді;
- билік пен басқару органдарының алдына Кеңес жұмысын ұсына алады. Кеңес төрағасы кеңес мүшелеріне өз өкілеттіктерін беруге құқығы бар.

VII. Қамқоршылық кеңесінің Құқықтары.

Қамқоршылық кеңесінің құқықтық мәртебесі мектеп Жарғысы негізінде анықталады.

Қамқоршылық кеңесінің құқығы бар:

- бюджеттен тыс тартылған қаржылық құралдарды мақсатты түрде пайдалануды және оның тиімділігін бақылау;
- қаржы ресурстарын, мектепті дамыту үшін қаржылық тәртіпті сақтау, мемлекеттік білім беру бағдарламаларын жүзеге асыруды пайдалану жөніндегі мәселелер бойынша мектеп әкімшілігін тыңдайды;
- мектептің жұмыс жоспарларына ұсыныстар енгізуге;
- мектеп кеңесіне мектеп қызметкерлерінің жалақы бөлігін тарату туралы ұсыныстар енгізуге;
- халық арасында түсіндіру жұмыстарын ұйымдастыруға тарту мақсатында қосымша қаржыландыру;

VIII. Қамқоршылық кеңестің міндеттері.

Мектептің Қамқоршылар кеңесі мынадай міндеттер жүктеледі:

- бюджеттен тыс тартылған қаражатты мақсатты түрде пайдалану ;
- бюджеттен тыс тартылған қаражат тиімді пайдалану;
- бекітілген білім беру бағдарламаларын уақтылы қаржыландыру;
- оқу процесін білім алушылардың үлгірімін арттыру мақсатында ұйымдастыру;
- осы Ереженің Қамқоршылық кеңесіне жүктелген міндеттерге сәйкес жүзеге асыру.

IX. Ревизиялық комиссия.

9.1. Ревизиялық комиссия – Кеңестің қаржы-шаруашылық қызметін, ресурстарын тиімді пайдалануды бақылайтын орган.

9.2. Аудит жөніндегі комитет екі жылдық мерзімге Кеңестің жалпы жиналысында сайланады.

X. Кеңесті тарату және қайта құру.

10.1. Кеңесті тарату және қайта құру Қамқоршылық кеңес отырысы, сондай-ақ сот шешімі арқылы жүзеге асырылуы мүмкін;

10.2. Кеңес қаражаттары мемлекеттік органдар , заңды және жеке тұлғалармен есеп айырысулардан кейін таратылған кеңестің қалыптасқан тарату туралы шешімдеріне сәйкес іске асырылады.



«Бекітемін»

Директор

К.Ж. Мукашева

2022 жыл

«Арқалық қаласы әкімдігі білім бөлімінің №4 жалпы білім беретін мектебі»КММ
Қамқоршылық кеңесінің 2022-2023 оқу жылына арналған жұмыс жоспары

№	Орындалатын жұмыстар	Мерзімі	Жауаптылар
1	Қамқоршылық кеңесінің ішінара қайта сайлау. Кеңес мүшелерінің міндеттерін, атқаратын қызметтерін белгілеу. Қамқоршылық кеңестің жұмыс жоспарын талқылау. «Мектепке жол!» акциясын ұйымдастыру.	Қыркүйек	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Қамқоршылық кеңес мүшелері
2	Материалдық көмекке мұқтаж балаларды анықтау. «Мектепке жол акциясы» барысында аз қамтылған, көп балалы отбасы балаларына көмек көрсету	Қыркүйек, қазан	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Қамқоршылық кеңес мүшелері, әлеуметтік педагог, сынып жетекшілер
3	Қамқоршылық кеңесінің кезекті отырысын өткізу жұмыстарын бақылау.	Тоқсан сайын	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Қамқоршылық кеңес мүшелері
4	Мектептегі ақылы қосымша білім беру қызметі жұмысының ұйымдастырылуын қадағалау.	Жыл бойы	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Қамқоршылық кеңес мүшелері
5	Мектепшілік барлық іс-шараларға қатысу (оқу үрдісі, тәрбие, құқық, әлеуметтік, психологиялық және мәдени іс-шаралар)	Жыл бойы	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Қамқоршылық кеңес мүшелері
6	Білім сапасын жақсарту мақсатында «Зерттеу сабақтары» тәсілін оқыту үрдісіне енгізу үрдісіне қатысу.	Жыл бойы	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Қамқоршылық кеңес мүшелері
7	Мектептің материалдық – техникалық базасын жетілдіруге демеушілерді тарту.	Жыл бойы	Қамқоршылық кеңес мүшелері
8	Ата-аналардың бала тәрбиесіндегі құқықтық және психологиялық біліктілігін жетілдіру жұмыстарын жүргізу	Жыл бойы	Қамқоршылық кеңес мүшелері
9	«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында ұйымдастырылатын шараларға көмек көрсету	Жыл бойы	Қамқоршылық кеңес төрайымы
10	Жан басына шаққандағы қаржыландыруға көшуге байланысты бюджеттік қаражаттардың жұмсалуды мен ашықтығының қамтылуы	Жыл бойы	Қамқоршылық кеңес мүшелері
11	Оқушылар арасында салауатты өмір салтымен құқық бұзушылықтардың алдын алу Жазғы демалысты ұйымдастыру және жазғы демалыс кезінде оқушыларды пайдалы жұмыспен қамту	Мамыр - Маусым	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Қамқоршылық кеңес мүшелері
12	Қамқоршылық кеңес жұмысының жылдық есебі	Маусым	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Қамқоршылық кеңес мүшелері